

FTAMP 17.07.31

¹Б.Д. Жұмақаева

¹С. Демирел атындағы университет, Қаскелең қ., Қазақстан

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада көркем шығарманың тілдік ерекшеліктері, соның ішінде көнерген сөздердің шығарманың идеялық мазмұны мен тілін дамытудағы қызметі талданған. Тілдегі сөздерде «жасырынған» ой қабаттарын қаламгер терең бақылап, тілдік тәжірибеден өткізу арқылы қазақ тілінің ойды беру шеберлігін көнерген сөздер арқылы да байытуға болатынын мысалдармен дәйектейді. Мақалаға өзек болып отырған көркем шығарма тілі С. Жүнісовтің «Ақан сері» роман дилогиясының мысалында талданып, сараланады.

Кілт сөздер: көнерген сөздер, стиль, көркемдік ой, «Ақан сері», С.Жүнісов көркемдік тәсіл.

Аннотация. В статье анализируются лингвистические особенности художественного произведения, в том числе произведение архаичных слов, в развитии идеологического содержания и языка произведения. Приведены автором ряд примеров, которые отображают мысли «скрыты» в языке, обогащающие казахского языка посредством архаичных слов. Произведение искусства, посвященное статье, анализируется на примере романа С. Жунисова «Акан сери».

Ключевые слова: архаичные слова, стиль, художественные мысли, «Акан сери», художественный подход С. Жунусова.

Abstract. The linguistic peculiarity of work of fiction, including the archaic words in the development of the ideological content and language of the work is analyzed in the article. The author gives a number of examples that reflect the thoughts «hidden» in the language that enrich the Kazakh language through archaic words. The work of art devoted to the article is analyzed by the example of novel of S. Zhunisov's «Akan seri».

Key words: archaic words, style, artistic thoughts, Akan Seri, artistic approach of S. Zhunusov.

Қазақ халқының рухани өміріне елеулі үлес қосып отырған қаламгерлеріміздің танымал туындыларының тілі мен сөз саптасын тексеру, филология ғылымында кеңінен өрістеп келеді. Бұл заңды да құптарлық құбылыс. Өйткені «тіл - әдебиеттің бірінші элементі болуы

себепті әдеби тілдің даму бағаттарын саралау, қаламгердің сөз мәнерін тану зерттеудің ғана нәтижесінде жүзеге асары даусыз.

Жазушының өзіндік қолтаңбасын айқындау – көркем дүние тілін танудың басты міндеті. Қазақ әдебиетіне алпысыншы жылдары өзіндік қолтаңбасымен ерекше туындыларымен келген қазақ проза шебері С.Жүнісовтің “Ақан сері” романының көркемдік әлемін тану көркем шығарманың тілін талдай отырып, қаламгердің шығармашылық өрісін бағамдауға да ықпал ететін үдеріс. Көркем шығарманың өзі — белгілі бір дәуірдің жемісі. Сол кезеңнің келбеті мен шындығын жария етуші қоғамдық-әлеуметтік дүние. С.Жүнісовті көркем шығарманың бағасы социалистік идеяны қуаттап, сол мүддені қорғауымен өлшенетін тұстың өзінде ұлттық рух пен характер, көркем таным мен жалпы адамзаттық құндылықтарды көтере білген қаламгердің көшбасшы өкілдерінің бірі. Жазушының «Ақан сері» романының тарихи-библиографиялық шығармалар қатарында алатын орны ерекше. Шығарманың көркем туынды ретінде де, тарихи шығарма ретінде де арқалап тұрған жүгі салмақты. Жазушы Ақан сері бейнесін еркін ашу үшін, сол дәуірдегі қоғамдық құбылыстарды, ортаны, әлеуметтік жағдайды таныту үшін тілдік өрнектердің мейлінше кең түрде әрі шебер қолданған.

Әр қаламгердің өзіне тән стилі, сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Қаламгер ойын бейнелейтін қуатты құрал – тіл, шұрайлы сөз. Осы шұрайлы сөз – халықтың тіл байлығы. Қаламгер тілді пайдаланушы болып қалмай, тілдегі тарихи және жалпыхалықтық құбылыстарды жақсы білгендіктен шығармаларында қолдана отырып, тілдің өзін ілгері дамытады.

Қазақтың тарихи романдарын зерттей келе белгілі ғалым-жазушы Р.Бердібаев С.Жүнісовтің “Ақан сері” романы туралы: “С.Жүнісов шығармаларының тілі негізінен жатық, жарасымды тіл. Автор адам мен табиғат құбылыстарын дәл суреттей біледі. Жазушының халықтық тіл байлығының меруертін еркін игеріп, шығармасына еселеп қолдана білетіндігі аңғарылады,” - деп жазады [1].

С.Жүнісовтің жазушылық шеберлігі — оның өзіндік сөз қолданысында, стильдік мақсатта қолданылған сөздерінің сыр-сипаты аша білуінде, көркем туынды жасауға қатысатын тілдік элементтердің дұрыс пайдаға жарата алуында, суреткерлігінде, қарапайым сөздермен өз ойын оқырманна бейнелі, айқын, мәнерлі етіп жеткізуінде.

Қазақ әдебиетінде өзіне ғана тән қолтаңбасымен кең тынысты суреткерлігімен танылып, қайталанбас бірегей шығармалар келтірген С.Жүнісов шығармашылығы қаншалықты филолог ғалымдардың назарына інінген деген мәселе төңірегіне келер болсақ, тек азды-көпті әдебиетші ғалымдар тарапынан сөз етілген. Ақан серінің өмірі мен шығармашылығына алғаш қалам тартқан М.Жұмабаев болатын. «Ақан

серің, «Ақан өмірі», Ақан сері сөздері» [2] атты мақалаларында М.Жұмабаев зерттеудің алғашқы бағыттары мен дерек көздерін айтып кеткен. Әрине, С.Жүнісовтің «Ақан серің романын жарыққа шығаруда аталған еңбек көшбасшы болғаны анық. Жазушының «Жапандағы жалғыз үй» атты алғашқы романы жарық көруіне байланысты Қ.Жұмаділов «Образдар сырына үңілсек», І.Омаров «Жалғыз үй сыры», А.Асылбеков «Шығарма салмағы» т.б. сыншылар тарапынан әр түрлі сын пікірлер әдеби басылымдардан көрініс тапқан.

«Ақан серің романы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Тарихи тұлға әдеби кейіпкер» деген тақырыппен үлкен пікірталасқа түскен. Романның саяси-әлеуметтік жағы, көркемдік ерекшеліктері жағынан сыншылар назарына алынған. «Аманай мен Заманай» повесіне қатысты С.Жұмабековтің «Шырғалаң кезең шындығы», Н.Ақышев «Тауқыметті тағдырлар шындығы», Х.Әдібаев «Тізгінін қос жанрдың тең ұстаған» [3] т.б. пікірлері жарияланған. Қаламгер туындысын жайлы, оның шығармашылық қабілетін, суреткерлік талантын сөз еткен мақалалар әр жылдарда газет, журналдарда қылаң береді. Т.Рақымжановтың «С.Жүнісов прозасындағы психологизм»[4] деген еңбектерін жарық көрген.

«Ақан серің романы – С. Жүнісовтің шығармашылық қызметінің нәтижесі, тұтас көркем ой қалыптастыратын қасиетке ие болған рухани құндылыққа айналған көркем туынды. Мұндағы тұтас көркем ой жасалуына шығармадағы әрбір жеке тілдік элементтің қосатын үлесі зор. Көнерген сөздерді де сол тұтастық тұрғысынан қарастыруға болады.

«Ақан сері» романындағы тұтас көркем ойдың жасалып шығуын З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда «мидың мың градустық домнасында құрыштай қорытылып шықпаған сөздердің [5] үйлесімділікпен беретін ерекше әсері деп танымыз. Романындағы әрбір сөз – көркем сөз, ал әрбір көркем сөз – көрікті ойдың көрінісі. Сондықтан көнерген сөздердің де өзіндік орны мен қызметі болады. Осы мақсатты айқындау үшін романдағы көнерген сөздердің қолданысын іштей екіге бөліп қарастырған жөн.

1. Біріншісі, Ақан өмір сүрген кез үшін көнерген сөздер: шайқы, батыр, дәт тақсыр, хандық, сұлтандық, аға сұлтан, төре, дуанбасы, бобылық жариялау;
2. Екіншісі, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан келгенде көнерген сөздер: жандарм, болыс, атшабар, старшын, би, ұлық, ақ патша, ояз, песір, жығалы қоқы (бас киім), шоңқайма етік, қимал шапан, кавказдатқан қалың қапсырма т.б.

Р. Сыздықова Ақан Қорамсаұлы өмір сүрген кездегі қазақ тілінің лексикалық құрамы мен ондағы өзгерістер туралы қарастыра отырып, былай дейді: «... Сөздік – заманның айнасы, сондықтан бұл кезеңде өздері білетін зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына қарай

және сөз мағынасының ішкі семантикалық қозғалыс заңына орай кейбір сөз топтарының тіл тәжірибесінен ығыса бастауы немесе керісінше, қазақ даласына ХІХ ғасырда келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздердің пайда болуы сияқты процестер жүріп жатты. Дегенімен, бұл процесс әлі де күрт түрде емес, баяу, бірте-бірте өзгеру сипатында болды. Бұған, біздіңше, екі фактор себеп болды. Бірі – бұрынғы ұғым, зат, құбылыстардың қоғам өмірінен әлі де үзілді-кесілді кетпегендігі. Мысалы, кәдеден қалып бара жатқан қару-жарақ атаулары мен қазақ қоғамының ішкі саяси-әкімшілік құрылысына қатысты сөздердің көпшілігі ХІХ ғасырдың І жартысында әлі де актив элементтер түрінде сақталдың,- дейді [6].

Ақан серінің өмір сүрген кезі – орыс мәдениетінің қазақ даласына ентелеп еніп жан-жақта торлап, жайлап бара жатқан кезі болғандықтан, бұл жерде генетикалық туыстық емес, географиялық жақындастық қана ортақ нүкте болып табылатын екі ұлттық мәдениеттің араласу кезі болып саналады. Және араласқанда да екі мәдениеттік жүйенің бір біріне жалғасып, толықтырып, ұласуы арқылы жаңа мәдениеттік өріс жасау емес, бір мәдениеттің екінші мәдениетті «жұту» мақсаты көзделген саясат жүргізілгені де тарихтан белгілі.

Ендеше, сол кездегі осы саясатты айқын көрсету міндеті С.Жүнісовтің жазушылық идеясында үлкен орын алып, нәтижесінде орыс тіліндегі шен атаулары, әскери атаулар, қазақ елін басқарудың жаңа жүйесіне сай жасалған жасанды жаңа атаулар аралас қолданыла бастағанын романдағы кейіпкерлер тілі мен жазушының сипаттауынан анық көре аламыз. Мысалы, қазақ даласының әлі де ескі жүйеден біржола арылмағаны сөз қолданыстарынан былайша көрінеді: «Бұл жолы басын оқыс көтеріп алған шабдар ат шын жаратпай, «өй, жүрегінің қабын жарайын деп пе ең, есің дұрыс па өзіңнің, үйбай қайтеді, шайқы болармысын, өзіңді тістеп алайын ба!» дегендей, ноғалалы айран көзімен ұзақ едірейе қарады да құлағын жымитты» (7,93).

Мысалдағы «шайқы» деген сөз – сол кез үшін көнерген сөз. Бұл сөздің мағынасы – зороастризм заманының қалдығын көрсетуінде, ол заманның діндарларының дәруіш, диуана болып ел кезіп кету рәсімін осы сөздің сирек болса да ел кезіп, ел ақтап кету салтынан көруге болады.

«Үстіне қара бұлт жамылған албастыдай төнген батырдан шын зәресі ұшқан Ақан қыз дауысы шыққанда барып есін жинап алды:

— Ағасы, дәт! Дәт, тақсыр!» (7,102).

Осындағы «дәт» және «тақсыр» сөздері арқылы С.Жүнісов ерекше образды толықтыра түсу мақсатын көздейді. Өйткені, Ақанның басын шапқалы тұрған адам - Әлібек деген батыр. Бірақ ескінің бір көзі ретінде ғана батыр атанып жүрген Әлібектің жай-күйін жазушы алдын ала түсіндіріп өтеді. Ақанның ауылға айқайлап ән салып кірген еркелігі мен осы арадағы «дәт», «тақсыр» деген сөздерді айтқызуында аз да болса

кереғарлық байқалады, кейіпкердің осы сөздерді қолдануының өзінде сыпайы ғана әзіл бар сияқты. Жазушы мынадай суреттеу тәсілін қолдану арқылы оқушысын алдын ала болғалы тұрған оқиғаға даярлап алады:

1. «Күн етекке қарай еңкейіп, бата бастаған. Шала сарғайған дала сілтідей тынып тұр. Атақты Зілқараның Әлібегінің ауылы. Аты шулы батырдың ауылы»

2. «...Отырғанда ана-мына түрегеп тұрған тапал адамның бойымен барабар алып Әлібектің сол жақ тізесінің үстінде көлденең түсіп «патшадан алған сарала қылышы жатыр. Ол қынынан суырылып шығып, біреудің жазықсыз басын қағып түспесе де, Әлібек әйтеуір, осы бір суық қаруын қасынан әсте тастамайды. Бауырын көтергеннен бері тірі пенденің етегінен алып көрмесе де, тіктеп қарағанда қызыл көзі өңменнен өтетін тайыңшадай сарала иті де оң жақ тізесіне басын салып ол жатыр. Осының бәрі Әлібекті ертегінің батырынан да сұстылау етіп көрсетеді».

Берілген мысалдардың біріншісінде қолданылған «батыр» деген сөздің өзінің бұрынғы мағынасынан өзгеріп бара жатқанын оқушыға жазушы осындай тұспалдар арқылы ұғындыра алған. Ал екінші мысалдағы көрініс те батыр атанған Әлібекті енді мына туып келе жатқан жаңа заман онша керек қыла қоймайтынын аңғартады яғни «қылышы қынабынан суырыла қоймасң, «тірі пенденің етегінен алып көрмей, тек көзімен ғана өңменнен атып жататын итің - заманның озық адамының келбетінің Әлібектерден басқалау болатынын танытатын көркем элементтер.

«Қазақ даласында хандық жойылып, сұлтандық дәуірдің күні өткенде, бұрынғы ел батырларының да дәрежесі төмендеген. Батыр деген ат «мықты, жүректі» деген сөзге айнала бастаған. Әлібек – сол өткен батырлардың жұрнағы. Ел жауға салып қайратын көрмесе де, бұрынғы рәсіммен батыр дейді. Әлібекке де осы ат ұнаушы еді. Түс, тұлғас, о жар тік мінезі батырға лайық ол да өзін батырларша ұстайды. Осы мінезіне сырттай қанық Ақан да оның ық жағынан келіп, көнілін дауалады» (7,104).

Көнерген сөздерді осылай ұтымды қолдану арқылы жазушының ескінің жұрнағының жаңа заманмен тайталасар тұсын осы Әлібек және Жайынбектің әкесі Заманбай арқылы екі түрлі қырдан суреттеп өтуі де - ерекше көркемдік әдіс.

Жайынбек – жаңа заманның адамы болғанда, оның ерекшеліктері мынадай сөздер арқылы беріледі: «Омбы кадет корпусын тамамдаған Жайынбек басқалардай әскери қызмет атқармай, Ақмолаға - өз еліне келген. Алғашқыда уездік мировой судьяда тілмаш болып жүріп, кейін олардың қол астына әрі тілмаш, әрі көмекшісі болып ауысқан. Тегі бас есебін мықтап білетін болса керек, өзі қатарлы оқыған азаматтардың көбінен асып, байлығы шалқып тұр. Жас та болса дүниенің қыбын келтіретін нағыз жылпос жігіт. Басқа ұлықтар бір асаса, бұл екі асайды» (7,144).

Жаңа заманның пысық адамының бейнесін енді көне заманның ер, батыр адамдарының бейнелерімен салыстыра суреттеуде С.Жүнісов көнерген сөздердің қанық бояуын асыра айқын таныта алған. Сонда романдағы көнерген сөздердің көркемдік қызметі – көне, өткен заманды суреттеу үшін емес, жаңа, алдамшы заманды суреттеуде контраст жасау үшін алынып отырған болуы керек.

Романда сонымен бірге, аға сұлтан, төре, дуанбасы, би, шонжар, ұлық, болыс деген сөздер де ескі мен жаңа заманның ел басқару жүйесіндегі ұғымдар мен атауларды аралас-құралас қолданысын көрсетеді және сол арқылы өткен замандар тартысын танытады. Қазақ елінің сол кездегі ел басқару жүйесіндегі бұл сөздер – қазіргі заман үшін көнерген сөздер болып табылады.

«Болыс» сөзі туралы Е.Жанпейісов былай дейді: «Біз «болыс» сөзін орыстың «волость» деген сөзінен емес, «ұлыс» деген сөзден шыққан демекпіз. «Ұлыс» сөзінен әуелі орыс тілінде «волость» сөзі пайда болған. Болыс, міне, орыс тіліндегі осы «волость» дегеннен шыққан. «Себебі, «Ұлыс»(ulus), (ulus) – страна, область, народ деген мағынада «ҮІ-ҮІІІ ғасырдан белгілі болған. Демек, болыс сөзі орыс сөзі емес, көне түркілік ұлыс сөзінің дыбыстық жағынан ғана жаңғырған нұсқасын [8].

Енді сол «болыс» сөзінің түрлі қырынан танылар сәтін С.Жүнісовтің мынадай қолданыстарынан тани аламыз:

1.«Бірақ Нұртаза жуаси отырып сөйлеп, жұрт ойламаған дауды су тезектің түтініндей бықсыта берді. – Ал ара ағайын, бәрінің басыңды қосып, ел бүлігін сыртқа шығармайын, орталарыңа салайын деп мазалағанымға көптен-көп кешірім өтініп, мың да бір рақметпен, кішілік етіп алдарыңда басымды иемін, - деп, Нұртаза Әлібектерге қарап ізет етті. – Мен қазір ел билеген болыс емес, бұл араға құныкер ретінде, жоғымды жоқтап келген даукермін».

Осы мысалдағы көнерген сөздер мен сол сөздердің мағыналық аясы тарылуын жазушы өте шебер көрсеткен. Оны әсіресе, мына үзіндіден айқын көре аламыз. «Билер соты дейтін қазір не қалды. Жапырағынан айрылған селеу-селеу кәрі бұтақтың басында қарқылдаған тозған қара тағанадай сөзі де, басы да бірікпейтін бізден енді не қауқар қалды. Әділ билік те түтеленіп, барады. Аз жылдың өзінде ел билігі шабағы тозған арбаның доңғалағындай арса-арсасы шықпады ма? Кеше хандығыңды дәріптеп, дәурені өтпей жатып сұлтандықты көтеріп еді, енді бүгін болыс, ауылнай деген құжынаған көп әкім шығыпты. Әкім көбейді дегенше, қақым кетті дей бер. Бір кезде байтақ жерге алғыр қыранша қалықтап қараған сұлтандардың қазір елден де, жерден де жырақ кәрі шыңның ығында мүжілген тұмсығымен өз саңғытын шұқып, жерден тиянақ табар құйрығынан айрылып отырған жоқ па».

Бобылық жариялау деген мысалдың қолданысында да көркемдік тәсіл ерекше байқалады. «Іздеу салу (розыск)» мағынасында қолданылған

осы тіркестің таңдап алынуы да – жазушының көздеген мақсатына сай келіп тұрғанын байқау қиын емес. Жазушының көркем ойының желісімен жүре отырып, уақыты озып, билігі тозған ескі басқару жүйесінің ыдырауын дәл де нақты, айқын да әсерлі көркем сурет түрінде көз алдымызға келтіре аламыз.

Оның кейбіреуін мынадай түрде салыстыру жасап көрсетуге болады.

Қарастырылған көнерген сөздердің барлығының да экспрессивтік-эмоционалдық мағыналық жүктері «қалың қабатты» қолданыста алынған. Сол сөздердің бойларында «жасырынған» ой қабаттарын жазушы терең бақылап, тілдік тәжірибеден өткізу арқылы қазақ тілінің ойды беру шеберлігін көнерген сөздер арқылы да байытуға болатынын осылай дәлелдей алған деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. –Алматы: Ғылым, 1979. -239 б.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. -Алматы, Жазушы, 1989. -445 б.
- 3 Әдібаев Х. Тізгінін қос жанрдың тең ұстаған. // Социалистік Қазақстан 16 желтоқсан, 1988.
- 4 Рахымжанов Т. С.Жүнісов прозасындағы психологизм. //Қазақ тілі мен әдебиеті. 1991. №5. -49-54 б.
- 5 Қабдолов З.Сөз өнері. –Алматы: Жазушы, 1983. -455 б.
- 6 Сыздықова Р. Сөз өрнегі. –Алматы: Арыс, 2004. -207 б.
- 7 Жүнісов С. «Ақан сері» роман дилогиясы А., Жазушы 1986. I том, II том
- 8 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. - Алматы: Ғылым, 1968.- 264 б.